



Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институтының құрылғанына 20 жыл толуына арналған мерекелік концерт

КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА

«Қалибек Қуанышбаев атындағы
Қазақ ұлттық музыкалық драма театры»
РМҚҚ

АСТАНА 2024



КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА

ФАНФАР

1. **А.БЕСТЫБАЕВ «АЗИЯ ДАУЫСЫ»** - ОРЫНД. **Қ. ҚУАНЫШБАЕВ АТЫНДАҒЫ ТЕАТРДЫҢ СИМФОНИЯЛЫҚ ОРКЕСТРІ**, БАС ДИРИЖЕР **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНКУРСТАРДЫҢ ЛАУРЕАТЫ, ҚР МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ ЕРЛАН БИСЕМБАЕВ.**

ХАЛЫҚ АСПАПТАР АНСАМБЛІ:

1. **Н. ӘШІРОВ «ЖЫРҚИССА»** - ОРЫНД. **АНСАМБЛЬ, ДИРИЖЕРІ ҚР МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНКУРСТАРТЫҢ ЛАУРЕАТЫ МАРАЛЖАН МЫРЗАҚҰЛОВА**
2. **Е. КӘКЕЖАНОВ «ШАБЫТ»** - ОРЫНД. **АНСАМБЛЬ**
3. **МОЛДАБАЙДЫҢ ӘНІ «МОЛДАБАЙ»** - ОРЫНД. **ОРМАН БИБАРС**
4. **Т. ШӨКЕНОВ «САМҒАУ»** - ОРЫНД. **АНСАМБЛЬ**
5. **Қ. НҮКІШЕВ «ДАЛА ЖЫРЫ»** - ОРЫНД. **АНСАМБЛЬ**
6. **КҮЙ ШАШУ** - ОРЫНД. **ДОМБЫРАШЫЛАР: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСТАРДЫҢ ЛАУРЕАТТАРЫ САХЫ НҰРБОЛАТ, ҚАЙЫРБЕК ӘЛІБЕК, ХАМЗИН ДАНИЯР, ЖИЕНАЛИН ДАСТАН, ШӨКЕНОВ ТЕМІРЛАН**

СИМФОНИЯЛЫҚ ОРКЕСТР:

1. ҚҰРМАНҒАЗЫ «БАЛБЫРАУЫН» - ОРЫНД. ОРКЕСТР

2. SHOCKING BLUE «VENUS» - ОРЫНД. АНЕЛЬ ИСИНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУЛАРДЫҢ ЛАУРЕАТЫ, «ЖАС ҚАНАТ» БАЙҚАУЫНЫҢ ФИНАЛИСИ

3. А. ЗАЦЕПИН «ТЫҢДА» - ОРЫНД. БІРЖАН ЖҮНІСОВ

КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКАНЫ ОРЫНДАУШЫ:

1. Л. ХАМИДИ «ҚАЗАҚ ВАЛЬСИ» - ОРЫНД. БИБІГҮЛ ЖАНҰЗАҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ

ДӘСТҮРЛІ ӘНДІ ОРЫНДАУШЫ:

1. БІРЖАН САЛ ХАЛЫҚ ӘНІ «ОН САУСАҚ» - ОРЫНД. АСҚАР МҰҚИЯТ «ДАРЫН» МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ

ЭСТРАДАЛЫҚ ӘНДІ ОРЫНДАУШЫ:

1. Ж. ЖЕКСЕНҰЛЫ/ Б. АУДАНБАЙ «ҚАЗАҚСТАНЫМ»
- ОРЫНД. СҰЛТАН АХМЕТ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУЛАРДЫҢ ЛАУРЕАТЫ



1. А.БЕСТЫБАЕВ «АЗИЯ ДАУЫСЫ»

Орындаушы: Қ. Қуанышбаев атындағы театрдың симфониялық оркестрі. Бас дирижер Халықаралық конкурстардың лауреаты, ҚР Мәдениет саласының үздігі Ерлан Бисембаев.

Автор: Әділ Бестібаев

Әділ Бестібаев - сазгер, «Тәуелсіздік толғауы» байқауындағы «Ең үздік балеттік шығармалар» аталымында «Жерұйық» балетімен І жүлдеге ие болған, Қазақстан Композиторлар одағының және Канада музыка орталығының мүшесі.

Шығарма: Азия дауысы

«Азия дауысы» фестивалінің ашылуына арнайы жазылған салтанатты шеру – пайда болысымен бірден танымал болды.

2. Н. ӘШІРОВ – «ЖЫРҚИССА»

Орындаушы: Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының Халық аспаптар ансамблі, көркемдік жетекшісі әрі дирижері ҚР Мәдениет саласының үздігі, Халықаралық конкурстардың лауреаты Маралжан Мырзақұлова

Автор: Нұркен Әшіров

Нұркен Нұрғалиұлы Әшіров - күйші, дирижер, көптеген ән-күй, оркестрге арналған шығармалардың авторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Тұңғыш Президент - Елбасы Қоры сыйлығының лауреаты, Мемлекеттік стипендия иегері, Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының директоры.

Шығарма: Жырқисса

Нұркен Әшіровтің «Жырқисса» күйі – Нұрғиса Тілендиевтің рухына арналып, терең сезім мен құрметке толы, ерекше шығарма.

3. Е. КӘКЕЖАНОВ «ШАБЫТ»

Орындаушы: Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының Халық аспаптар ансамблі

Автор: Ернар Кәкежанов

Ернар Кәкежанов – дарынды музыкант, композитор өз өнерімен тыңдаушыларды баурап алатын ерекше тұлға. Ернардың магистр дәрежесі бар, ол өнертану ғылымының магистрі ретінде өнер саласындағы терең білімімен және шығармашылық ізденістерімен ерекшеленеді.

Шығарма: Шабыт

Ернар Кәкежановтың «Шабыт» шығармасы ерекше музыкалық композициясымен таң қалдырады. Бұл туындының әуендері жүрекке әсер етіп, тыңдаушыларға терең эмоциялар сыйлайды.

4. МОЛДАБАЙДЫҢ ӘНІ – «МОЛДАБАЙ»

Орындаушы: Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының жас актері Орман Бибарс

Автор: Тәңірберлі Молдабай

Тәңірберлі Молдабай (1858, Ақтөбе уезі - 1923 Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы) - қазақтың халық күйшісі, ақын, әнші, жыршы. Ол қазақ музыка мәдениетінің дамуына зор ықпал етті.

Шығарма: «Молдабай»

Боранбайұлы Сарышолақ шайыр руы Тәңірберген оның ішінде Онбайы бөлімі Молдабайға арнаған толғауы. Қазіргі уақытта орындалып жүрген «Тәңірберген Молдабай» әні Әли Құрмановтың өзі өңдеп жырлаған екінші нұсқасы. Авторы Боранбайұлы Сарышолақ шайыр.

5. Т. ШӨКЕНОВ «САМҒАУ»

Орындаушы: Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының Халық аспаптар ансамблі

Автор: Темірлан Шөкенов

Темірлан Шөкенов - жас, дарынды музыкант. Оның өнері тыңдарманның жүрегіне жол тауып, ерекше шеберлігімен және терең сезімталдығымен ерекшеленеді. Темірлан қазақ халқының музыкасын жаңа деңгейге көтеруге ұмтылып, өзінің шығармашылығымен тыңдармандарды тәнті етуде.

Шығарма: «Самғау»

Темірлан Шөкеновтің «Самғау» туындамасы халық аспаптарында орындалатын әдемі шығарма. Бұл туынды қазақтың дәстүрлі әуендерін тамаша дәріптеп, тыңдармандарды терең сезімдер мен ұлттық рухқа бөлеуге қабілетті. Оның әсемдігі мен ерекше мәнерлілігі қазақ музыкасының шеберлігін жоғары деңгейде көрсетеді.

6. Қ. НҮКІШЕВ «ДАЛА ЖЫРЫ»

Орындаушы: Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының Халық аспаптар ансамблі

Автор: Қуаныш Нүкішев Оралбекұлы

Қуаныш Нүкішев Оралбекұлы - күйші, композитор. Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданын да дүниеге келген. Алматы қаласындағы Ахмет Жұбанов атындағы музыка мектебінің түлегі

Шығарма: «Дала жыры»

«Дала жыры» - халық аспаптарында орындалатын аса әдемі және әсерлі шығарма. Бұл туынды қазақтың терең тарихы мен мәдениетін тамаша жеткізіп, ұлттық әуендердің әсемдігін көрсетеді.

7. КҮЙ ШАШУ

Орындаушы: Халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттары Сахы Нұрболат, Қайырбек Әлібек, Хамзин Данияр, Жиеналин Дастан, Шөкенов Темірлан.

Шығарма: «Күй шашу» - қазақтың халық аспабы домбырада орындалатын әдемі және ерекше шығарма. Әсем әуендері мен нәзік ырғақтары тыңдарманды терең әсерге бөлеу арқылы қазақтың ұлттық рухын сезіндіреді.

8. ҚҰРМАНҒАЗЫ «БАЛБЫРАУЫН»

Орындаушы: Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының симфониялық оркестрі

Автор: Құрманғазы Сағырбайұлы

Құрманғазы Сағырбайұлы (1823-1896) - қазақтың ұлы күйші-композиторы. Қазақтың аспапты музыка өнерінің классигі. Ол қазақтың музыкалық мәдениетіне әсер етті. 1818 жылы Бөкей Ордасында дүниеге келген. Қазіргі Ресей Федерациясының Төменгі Еділ бойындағы Астрахань облысында жерленген.

Шығарма: Құрманғазының жастау кезінде шығарған күйлерінің бірі. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, бұл атау «Балбыр ауан» түрінде туындаған. Кейін дыбыстық өзгеріске ұшыраған. Атаудың мәні: «маужыра қып» жан дүниенді балқытып, кейде бекітіп, кейде босатып, еркінен айыратын тамылжыған ауан (әуен). Бұл пікірдің дәлдігі төмендегіше дәлелденді:

тілімізде бір сөз жуан да, жіңішке де айтыла береді: ауан не әуен, қары не кәрі, ауада не әуеде, т.б

9. SHOCKING BLUE «VENUS»

Орындаушы: Анель Исина Халықаралық байқаулардың лауреаты, «Жас қанат» байқауының финалисі

Автор: Shocking Blue 1967 жылы Гаагада құрылған голландиялық рок тобы. Олар нидерландыдағы Недербит қозғалысының бөлігі болды. 1960-шы және 1970-ші жылдардың басындағы контрмәдениет қозғалысы кезінде топта хит әндер тізбегі болды, соның ішінде «Маған Ашықхат Жібер» және «Венера», бұл олардың ең үлкен хитіне айналды және АҚШ-тың Billboard Hot 100 тізімінде бірінші орынға шықты.

Шығарма: 1969 жылдың жазында Нидерландыда сингл ретінде шыққан голландиялық Shocking Blue рок тобының әні. Авторы: Робби ван Левен, бұл ән тоғыз елдің чарттарында бірінші орынға шықты. Әннің мәтіні Венера құдайының сұлулығы мен күшін мадақтайды.

10.А. ЗАЦЕПИН «ТЫҢДА»

Орындаушы: Біржан Жүнісов

Автор: Зацепин Александр Сергеевич Кеңестік, ресейлік композитор және актер; Ресей Федерациясының халық әртісі (2003). Ол көптеген әйгілі фильмдердің, соның ішінде Леонид Гайдайдың барлық дерлік фильмдерінің музыкасының авторы ретінде танымал болды.

Шығарма: Александр Зацепиннің «Тыңда» әні режиссёр Шәкен Аймановтың 1969 жылы шыққан кеңес уақытында түсірілген қазақ комедиясы «Тақиялы періште» үшін жазылған керемет туынды.

11.Л. ХАМИДИ «ҚАЗАҚ ВАЛЬСІ»

Орындаушы: Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бибігүл Жанұзақ

Автор: Латиф Хамиди (17 шілде, 1906 - 29 қараша 1983, Алматы) - композитор, ҚазКСР-нің халық артисі, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Шығарма: Хамиди Қазақ тарихындағы алғаш «Қазақ вальсін» 1940 жазды. Бұл вальстің алғашқы орындаушысы теңдесі жоқ Күләш Байсейітова болды.

12. БІРЖАН САЛ ХАЛЫҚ ӘНІ «ОН САУСАҚ»

Орындаушы: «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Асқар Мұқият

Автор: Біржан сал Қожағұлұлы (1834, Ақмола облысы Біржан сал ауданы - 1897, туған жерінде) - Қазақтың әйгілі айтыскер ақыны, сазгер. Сара Тастанбекқызымен айтысы қазақ тарихында ерекше орын алады.

Шығарма: Біржан салдың «Он саусақ» шығармасы - қазақтың терең мағыналы әндерінің бірі, мұнда орындаушының ішкі сезімдері мен өмірдің түрлі қырлары көрініс табады.

13. Ж. ЖЕКСЕНҰЛЫ/ Б. АУДАНБАЙ «ҚАЗАҚСТАНЫМ»

Орындаушы: Халықаралық байқаулардың лауреаты Сұлтан Ахмет

Автор: Жұбаныш Жексенұлы және Бауыржан Ауданбай

Шығарма: «Қазақстаным» әні - ұлттық патриотизмді білдіретін, рухты көтеретін туынды. Әннің әуені мен мәтіні Қазақстанның көркем табиғатын, елдің бірлігін және патриоттық сезімін тамаша жеткізеді, тыңдармандарға ерекше әсер қалдырады.